

ISSN 1563-0366  
Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ЗАҢ  
СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ  
ЮРИДИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№ 5

2012





КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЫ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК  
КАЗНУ

СЕРИЯ  
ЮРИДИЧЕСКАЯ

2012

№5  
специальный выпуск

ЭЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
КАЗАК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗҰ  
ХАБАРШЫСЫ

ЗАН  
СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

«Современная уголовная политика и проблемы  
правотворчества в условиях глобализации»

*Материалы международной научно-практической конференции  
«Современная уголовная политика и проблемы правотворчества  
в условиях глобализации», 24.11.2011 г.*

- Абдрашев Р.М.** ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ДОСЛЕДСТВЕННОЙ ПРОВЕРКИ ПРИ РАССМОТРЕНИИ ЗАЯВЛЕНИЙ И СООБЩЕНИЙ О СОВЕРШЕНИИ КОРРУПЦИОННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ.....3
- Абдуллаева А.** ПРАВОВОЙ СТАТУС НЕДВИЖИМОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....7
- Абдукарпова Б.Т.** ЗОРЬКИТЫН ВИКТИМОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....9
- Алимкулов Е.Т., Канаев А.А.** ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ЖАНАМА ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ.....12
- Аратулы К.** СОВРЕМЕННЫЕ ВЗГЛЯДЫ НА НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ КИБЕРПРЕСТУПЛЕНИЙ.....17
- Атаханова Г.М.** МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫСТАРДЫ ТҮЙІНДАТАТЫН ОБЪЕКТИВТІ ЖӘНЕ СУБЪЕКТИВТІ СЕБЕПТЕР.....21
- Баймурзин Г.И.** ПРИЧИНЫНЕ ВРЕДА ПРАВООХРАНАЯМЫМ ИНТЕРЕСАМ ПРИ ЗАДЕРЖАНИИ ПРЕСТУПНИКА И ОСУЩЕСТВЛЕНИИ ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ (УГОЛОВНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ).....23
- Барбаши А.С.** БОРЬБА ИЛИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ – ОСНОВА ОТНОШЕНИЙ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ РОССИИ.....25
- Бердугулова Л.Ш.** БЕРСУЖДЕНІО КОНЦЕПЦИИ НОВОГО ПРОЕКТА УПК РК.....29
- Бертулов С.С.** АВТОЛӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН АЙДАП КЕТУДІҢ ОБЪЕКТИСІ.....32

Зарегистрирован в Министерстве  
культуры, информации и  
общественного согласия Республики  
Казахстан.

Свидетельство № 956-Ж от 25.11.1999 г.

(Время и номер первичной постановки  
на учет  
№ 766 от 22.04.1992).

*Редакционная коллегия:*

Байгелдынов Д.Л. (главный  
редактор, тел.: 3773336, вн. 1244),

Кенжагиев З.Ж. (зам. главного  
редактора, тел.: 3773336, вн. 1256),

Сартаев С.С., Тыныбеков С.,

Ибраева А.С., Джансараева Р.Р.,

Усенова Г.Р., Еркинбаева Л.К.,

Лаптева Н.Г.

Умербаева Р.Е. (ответ. секретарь,  
тел.: 3773336,

3773337 (вн. 1257))

*Вестник КазНУ  
Серия юридическая  
Специальный выпуск*

ИБ № 5633

Подписано в печать 02.03.2012.

Формат 90x110 1/8

Бумага офсетная №1.

Печать офсетная. Уч.-изд. л. 8,5.

Тираж 500 экз. Заказ № 207.

Цена договорная.

Издательство «Казак университеті»

Казахского национального университета

имени аль-Фараби.

050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71,

КазНУ.

Отпечатано в типографии издательства

«Казак университеті».



адамдардың шабуылына ұшыраған адамды жатқызуға болады.

Жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқына тоқтала отырып, жәбірленушінің келісімімен жасалған әрекет зорлық болып табыла ма деген сұрақтың басын ашып алу керек. Осыған орай ҚР Жоғарғы Соты пленумының 24 сәуір 1992 жылғы №2 «Қылмыстан жәбір шеккен адамдардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңдарды қолдану практикасы туралы» қаулысына сәйкес моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян, егер аталған зиян адамның өзінің ерікті келісімі (мысалы, әйелдің өзіне заңсыз аборт жөніндегі өтініші, пара беру барысындағы өтініштер) нәтижесінде жүзеге асырылса, бұл адамдар қылмыс жәбірленушісі деп қарастырылуы мүмкін емес.

Дегенмен кейбір авторлардың ойынша заңсыз аборт жасауға байланысты адамдардың табанды өтініші заңға қайшы әрекеттерді жасауға айдап салу ретінде қарастырылып, бұл үшін олар жауаптылыққа тартылуы қажет.

Қылмыстық құқықтық әдебиеттерде жиі кездесетін «жәбірленуші кінәсі» және «виктимологиялық кінә» деген ұғымдар өзара ұқсас болып табылады. Қылмыстық құқықтық мағынада жәбірленушінің әрекеті, оның ішінде тән зардабын келтіру, егер бұл әрекеттер жәбірленуші игіліктерінен тыс қоғамдық қатынастарды бұзған жағдайларда ғана қылмыс құрбанының кінәсі туралы сөз болуы мүмкін. Осыған орай «жәбірленушінің кінәсі қылмыстық әрекетті саралаудағы қылмыскер кінәсінен өзгеше сипатта болып, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен басқаша бағалануы қажет» – дейді [5,8-1066].

Ал «виктимологиялық кінә дегеніміз – жәбір шегуші тұлғаның өз әрекетіне және оның моральдық, тәндік немесе материалдық зиян түріндегі нәтижесіне қасақана немесе абайсыздық формасындағы психикалық қарым-қатынасы» Виктимологиялық профилактика бұл қоғамның және мемлекеттің, соның ішінде құқық қорғау органдарының көпжақты шараларының бірі. Ол негізінен қылмыскерді қылмыс объектісіз қалдыруға бағытталады. Виктимологиялық профилактика қылмыс профилактикасының бір түрі болып табылады. Дегенмен виктимологиялық профилактиканың өзіндік ерекшеліктері бар. Виктимологиялық профилактика ең алдымен адамдарды өздерінің мінез-құлқына байланысты қылмыс құрбанына айналатындығын көрсетіп оларға мінез-құлқын өзгертуді, яғни тәуекелге бармауды ескертеді.

1. Алауханов Е.О. Пайдақорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары, дис. – Алматы, 2004. 38 бб.

2. Франк Л.В. Остроумов С.С. О виктимологии и виктимности // Советское государство и право-1975. №9 – 75 – 89 бб.

3. Сердюк Л.В. Насилие. Криминологическое и уголовно-правовое исследование. – М., 2002 – 384 бб.

4. Ривман Д.В. Виктимологические факторы и профилактика преступлений. – Ленинград. – 1975. – 176 б.

5. Денисов В.В. Социология насилия. – М., 1975 – 259 б.

**Е.Т. Алимкулов**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультетінің  
қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика  
кафедрасының доценті, з.ғ.к.

**А.А. Канаев**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
заң факультетінің магистранты

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ЖАНАМА ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің жүйесі жоғарыда аталған құрылымға ие болып ғана қоймай, толықтық, дұрыстық, сенімділік, келісімділік сияқты талаптарға да жауап беруі тиіс. Іс бойынша дәлелдеу пәніне кіретін барлық мән – жайларды анықтайтын жүйе ішіндегі жүйелер мен аралық фактілері болған жағдайда дәлелдеу жүйесінің толықтығы орын алады. Дәлелдемелер жүйесінің бұл қасиеті негізгі болып табылады: зерттеулердің толықтығы мен жан-жақтылығы – қылмыстық іс жүргізудің маңызды қағидасы, оны бұзу барлық жағдайларда үкімнің күшін жоюға әкеліп соқтырады (ҚР ҚІЖК 24 – бап).

Жанама дәлелдемелердің олардың функционалдық белгілері бойынша жіктелуі де осы талапты қамтамасыз етуге бағытталған. Осындай белгілері бойынша құрылған дәлелдемелер жүйесі дәлелдеу пәнінің барлық элементтерінің тиісті дәрежеде толық және сөзсіз анықталғандығы жөнінде тұжырым жасауға, сонымен қатар істің әлі анықталмаған мән-жайларын анықтайтын дәлелдемелерді жинау мен тексеруге байланысты дер уақытында шара қолдануға мүмкіндік береді. Ол дәлелдемелердің қатыстылығы және жеткіліктілігі туралы мәселені шешуді жеңілдететіндіктен дәлелдемелерді дұрыс бағалау үшін қажетті алғышарттарын жасайды.



